

• «Дәуіршам» - озық тәжірибе тарату мектебі

Терең білім — тәуелсіздігіміздің тірегі


Білім — адамзат мәдениетінің ең көрнекті және ауқымды ұғымдарының бірі. Сонымен қатар, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтап тұрушы негізгі фактор. Әуелі адам баласының басқа жаратылыстан ерекшелігі саналылығы болса, сол саналы жаратылыс иелерін бір-бірінен үстем көрсетіп, бір-бірінің алдында шынайы құрмет пен атақ-абыройға бөлейтін осы білімнің жемісі болмақ. Ол тұрасында ұлы ойшыл, кемеңгер тұлға Абай Құнанбайұлы: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйіндеген. Ал, қасиетті Құран Кәрімнің алғашқы түскен «Алақ» сүресінің бес аятында оқуға, білім алуға, ізденуге шақырады. Сүйікті Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бізді жоқтан бар еткен Алла Тағала: «Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білгізді», - деп оқу-білім арқылы білмегеніңді білуге, тылсым-құпияға толы жаратылыстың сырларына көз жеткізуге мүмкіндіктер ашылатындығын, күллі ақиқатқа тек білім алу арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын дәріптейді. Біз өмір сүріп отырған мінсіз жараталыс әлемінде қаншама тіршілік иесінің өмір сүретіні беймәлім. Десек те, өмір есігін ашқан кез келген жаратылыстың өмір сүру заңдылықтары мен өмірге қосар үлесі зор екендігі ақиқат. Алла жаратылысының қайсысы болмасын өмірге келгендегі негізгі міндеттері мен атқаратын қызметтері айқындалып қойылған. Әр жаратылыс өзіне жүктелген міндеттен ауытқыған сәтте, өмір заңдылығы бұзылып, қоғамдағы тыныштық пен тепе-теңдіктің аражігі ажыраы сөзсіз. Бір қарағанда тым қауқарсыз көрінген құрт-құмырсқалардың арқасында табиғат ана өзінің тазалығы мен сұлу көрінісін сақтап келе жатқандығын біреу білсе, біреу білмесі анық. Санасыз болған тіршілік иелері өздеріне жүктелген міндеттерін мінсіз орындап келуін тылсым күштің әсерімен

ұштастырар болсақ, бүкіл тіршілік иесінен үстем тұратын адам баласының мына өмірдегі міндеттері қандай? Қандай жағдайда өз міндеттерімізді күмәнсіз атқарып, Абай дәріптеген «Толық адам» дәрежесіне қалай көтерілеміз? «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», - деп нұсқаған ұлы ойшылдың бағыты қайсы?!

Өмір сан түрлі құбылыстар мен тылсым сырларға толы құпиялы мекен. Жоғарыда атап өткеніміздей қандай бағытқа қадам баспастан бұрын бізге ең қажетті

ізденушіні жастайынан білім алуға шынайы құштарлықпен кірісуге үгіттейді.

Ел ертеңі, халық болашағы өскелең жас ұрпақтардың қолында екендігі мәлім. Сол үміт артып отырған жастарымыз алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді селге жықпас ізбасар екендіктерін дәлелдеген шақ, нағыз аяғынан нық тұрған ел екендігіміздің айқын көрінісі болар еді. «Жастық шақта алған білім — тасқа таңба басқандай» - демей-ме дана хал-



болған әрекет «оқу», «білім алу» болмақ. Абай атамыз өзінің қара сөздерінде: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен ерекшеленген. Ал ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша жұмыс жасау керек. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деген. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтыққа бағдар беруге болатындығын ескерткен. Осылайша Абай «толық адам» дәрежесіне көтерілгісі келетін кез келген

қымыз? Жас шағыңда алған білімнің ешқашан ескірмек те, ұмытылмақ та емес. Сол үшін жастайымыздан білім алуға, жастарымызды білімге шақыруға, білгендерімізді арттағы іні-қарындастарымызға үйретуден ешқашан жалықпайық. Ал күллі білімді қор қылатын: тәкәппарлықтан, ұялшақтықтан, жалқаулықтан өзімізді қашық ұстайық. Сонда ғана керегесі кең, іргесі бүтін алпауыт мемлекетке айналарымыз хақ. «Білім — кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады», - деп ұлылар айтқандай, келешекте біреуге бағынышты болғымыз келмесе, оқиық,

ізденейік, білім алайық. Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын ой кеселдерінен өзімізді сақтайық. Шынайы білім — жарқын болашақ кепілі. Өзіміздің жарқын болашағымыз өз қолымызда екендігін ешқашан естен шығармайық. Егеменді еліміздің ертеңі - білімді ұрпақ қолында. Терең білім саналы тәрбие негізінде бойға сіңетіні белгілі. «Терең білім - тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаматтығымыздың алдаспаны», - деп ұлылар меңзеген, атап өткендей, ұрпақтың оқу-біліміне назар аударған жөн. Білім саласында болып жатқан өзгерістер өзектілігімен ұстаздар қауымымен баурап алып, көңілімізге сенім ұялатады.

Ел Президентінің Жолдауында «Жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашыл жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірдей меңгеретін болады. Олар осы арқылы және өзінің бейбіт әрі қарқынды дамыған, бүкіл әлемге танымал елінің патриоты болады», - дегені бәршамызға мәлім. Сондықтан да, менің пайымымша, білім саласында ғана емес, барлық бағытта да бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі-жастардың ақыл-ой әлеуетін барынша дамыту, ұлттық сезімдерін ояту, патриоттық рухты қалыптастыру. Қорыта келгенде, тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болып, қарышты дамуына сапалы білім, саналы тәлімі бар отаншыл жастар өлшеусіз үлес қосады. Ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру, Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуы үшін қажет. Жарқын болашақ кепілі - білімді ұрпақ. Тиісінше, жастардың жан-жақты әрі жүйелі білім алуына барлық жағдай жасалып отыр.

Айнұр ТҮМЕНБАЕВА,
Газиза АЙНАБЕКОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің тарих
пәні оқытушылары.